

**Шөптікөл жалпы білім беру мектеп оқушыларының
ата-аналары алдында есеп беру кездесудің
ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар: 20 адам

Күні: 28.08.20

Күн тәртібі:

1. Бюджеттен бөлінген қаражатты жұмсау.
2. Оқу жылының ұйымдастырылуы.
3. Санитарлық талаптардың орындалуы.

Тыңдалды: 1. Бюджеттен бөлінген қаражатты жұмсау.

Баяндамашы: Мектеп директоры А.С.Сартаева

1.1. 2020 -2021 оқу жылында шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезеңінде білім беру ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар орындау мақсатында мектепке бөлінген қаражаттарға оқушылардың, персоналдың қолдарын өңдеуге арналған тері антисептигі бар санитайзерлер, мектепке кіргенде педагогтардың, оқушылардың, қызметкерлердің температурасын өлшеуге арналған арнайы құрал термометр, кіре берістерге аяққа арналған ковриктер, оқушыларға арналған 300 дана маска, әр кабинетте және дәліздерде лас маскаларға арналған таңбаланған контейнерлер, кварцтық лампа, оқушылар мен қызметкерлерге арналған санитариялық дозаторларда сабындар, дозаторларда қолға арналған дезинфекциялық құралдар, қол жуу қағидалары бар плакаттар алынды. Әр кабинеттерге жеке - жеке оқушыларға арналған антисептиктер қойылды. Оқушыларға арналған ауыз режимі сақталады.

Тыңдалды: Оқу жылының ұйымдастырылуы.

Баяндамашы: Мектеп директоры А.С.Сартаева

2.1 Шөптікөл мектеп штаттық режимде жұмыс жасайды. Оқу процесі ҚР БҒМ 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 381 бұйырығымен бекітілген Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарының жалпы ережелерінің негізінде іске асырылады. Штаттық режимде білім беру процесін ұйымдастыру 5 – тарау бойынша жүргізіледі. Оқыту мектепте барлық сыныптарда, оның ішінде мектепалды сыныптарда білім алушылардың күн сайынғы температурасын өлшеуді қамтамасыз етіледі.

Сабақ кестесінде сабақтың басталу мен аяқталу уақыты көрсетілген. Оқушылар мен педагогтердің дене қызуы күнделікті өлшенеді. Әлеуметтік қашықтық, физикалық байланыстарды қысқарту үшін ауысым арттырылды, екі ауысымда оқуды бастадық. Кабинет жүйесі жұмыс жасамайды, сабақтар белгілі бір кабинетте өткізіледі. Әр сыныптар әртүрлі уақытта үзіліске шығады. Маскалық режимді қатаң ұстанамыз. Оқу үстелдері 1,5 метр қашықтықта орналасқан. Барлық кабинеттер әр екі сабақтан кейін ылғалды тазартылады. Сабақтар соңында залансыздандырылады. 8,11 сыныптардың факультативтары таңертеңгі уақытта жүргізіледі. 11.00 – 11.40 аралығында. «Күнделік kz» жылдағыдай жұмысын жалғастырады. Ерекшелігі оқушылар 10 балдық жүйемен бағаланады. Формативті бағалау жүргізіледі. Тоқсандық баға ФБ, БЖБ, ТЖБ негізінде шығарылады. Егер карантин кезінде сіздің балаңыз мектепке баруын қажет деп санасаңыз,

келесі нұсқаулықты есте ұстаңыз.

1. Карантин кезінде баланыздың мектепке баратыны туралы өтініш жазуыңыз керек.
2. Балаларды мектепке әкелу ұсынылмайды:
 - COVID-19 расталғандармен байланысты болған жағдайда
 - қиын тыныс алу (респираторлық) аурулар пайда болғанда.
3. Балаларды білім беру ұйымына қабылдауға, учаскелік педиатрдан денсаулық жағдайы туралы анықтама болған жағдайда ғана, жол беріледі.
4. Мектеп формасы міндетті емес. Ең бастысы киім таза, классикалық стильде болу керек. Масканын болуы міндетті.
5. Ата-ана баланы мектепке шығарып салуды қамтамасыз ету қажет.
6. Медициналық қызметкер күнделікті таңғы фильтр өткізгеннен кейін ғана баланың сыныпқа кіруіне рұқсат беріледі.
7. Балада сырқаттану белгілері болған жағдайда мектепке келмей, мұғалімге ескерту қажет.
8. Бала мектептен және қоғамдық орындардан үйге қайтып келгенде, қолын сабынмен әбден жуу немесе антисептикпен тазалау керек. Балалармен бірге сауда-көңіл көтеретін нысандарға, туған-туыстармен және достармен өткізілетін іс-шараларға (егер олар жұқпалы аурумен ауырған болса) барудан бас тарту қажет. Қажет болған жағдайда тыныс алу мүшелерін медициналық бетпердемен(маска) қорғап, бетті қолмен ұстамауға тырысу керек. Бала жүрген бөлмені жиі желдетіп отыру керек(бөлмені желдету кезінде баланы басқа бөлмеге апару керек), күніне екі реттен кем емес ылғалды тазалық жүргізу қажеттілігін еске саламыз.
9. Сабақтан тыс уақытта балаңыздың жүріс-тұрысын, тәртібін бақылауда ұстаңыз.
10. Есіңізде болсын! Жоғарыда айтылған ұсыныстарды пайдалану балаңыздың сапалы білім алуының және денсаулығының сақталуының кепілі.

Тыңдалды: 3.Санитарлық талаптардың орындалуы.

Баяндамашы: Мектеп директоры А.С.Сартаева

3.1 Мектепте оқу процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамызда № 345 бұйрығына сәйкес жұмыстар атқарылды. коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде штаттық режимде оқытуды ұйымдастырудың оңтайлы жағдайларын және жаңа оқу жылының ұйымдасқан түрде басталуын қамтамасыз ету мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық нормалар сақталды. Оқушыларды, педагогтердің және басқа қызметкерлердің денсаулығын сақтау мақсатында кіреберісте филтр орнатылды. Жалпы жауапты медбике. Таңертеңгі уақытта оқушылардың және педагогтардың денеқызыуларын өлшеп, арнайы журналға тіркейді. Әрбір екінші сабақтан кейін сынып бөлмелерін ылғалды жинау жұмыстары жүргізіледі. Дәліздердегі, сыныптағы шағын ауысымдар арасындағы ылғалды жинау жұмыстары атқарылады. Күн сайын температураны өлшеуге, ауру белгілерін анықтау бақылауға алынған. Таза ауада дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру жүзеге асырылады. Сабақ спорт залда өткенде үнемі желдету жүргізіледі. Мұғалімдерге кабинеттерде жүруге, мұғалімге баруға, сыныптан тыс іс-шаралар мен ата-аналар жиналыстарын өткізуге тыйым салынған. Сыныптан тыс және ата-аналар жиналысы онлайн режимінде өтеді. Мектепте кабинеттердің, дәліздердің жеткілікті мөлшерде дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етілген. Мектептің кіреберісінде дезинфекциялау тоннельдері, аяқкиімге арналған дезинфекциялау кілемшелері, қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнатылады, термометрия қамтамасыз етілді.

Мектепте оқытудың штаттық режимін ұйымдастыру кезінде мынадай шараларды сақтау қажет:

- 1) басталу және аяқталу уақытын көрсете отырып, сабақ кестесін құру;
- 2) әлеуметтік алшақтық үшін, физикалық байланыстарды азайту үшін ауысымдарды ұлғайту және ауыстыру;
- 3) кабинеттік жүйені алып тастау, әр сынып белгілі бір кабинетте оқиды;
- 4) әртүрлі сыныптар үшін әр уақытта сабақтар арасындағы өзгерістерді ұйымдастырылды;
- 5) мектепке кіру кезінде медицина қызметкері оқушылар мен педагогтердің температурасын күн сайын өлшейді және арнайы журналға тіркейді;
- 6) маскаларды кию режимі қатаң түрде сақталады;
- 7) оқу үстелдерін 1 метр қашықтықта орналастырылған;
- 8) кабинеттерді және барлық жайларды желдету, кварцтау ұйымдастырылды;
- 9) қолды жуу және арнайы құралдарды пайдаланады;
- 10) мектеп асханасының/ буфеттердің жұмысы тоқтатылды;

Сұрақтар ұсыныстары мен ескертулері болған жоқ.

Қаулы:

- 1.1. Санитариялық – эпидемиологиялық талаптардың сақталуы жалғастырылсын.
- 1.2. Қаулының орындалуын қадағалау ТЖДО К.К. Абильдинаға жүктелсін.
- 2.1. Сабақ кестесі мен қоңырау кестесі жақсы деңгейде деп есептелінсін.
- 3.1. Мектеп талаптарын ата – аналармен бірлесіп орындалуын қадағалау.

Жиналысының төрайымы:
Хатшысы:

А.Токтамысова
Л.Бұғыбай

А.Токтамысова
Л.Бұғыбай